

Л.С. Көмекбаева, Е.Т. Ақбаев, А.Ж. Нұрмағанбетова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті  
(E-mail: erbolsyn.2011@mail.ru)*

### Тұрғындарды екінші деңгейлі банктердің несиелендіруінің ерекшеліктері

Мақалада нарықтық экономика жағдайындағы екінші деңгейлі банктердің халықты несиелендірудегі ерекшеліктері қарастырылған. Авторлар екінші деңгейлі банктердің несиелендіру қоржыны құрылымын талдаған. Мақалада тұрғындарды несиелендіру түсінігінің жүйесі, оның элементтері мен құрылымдары, ұйымдастыру қағидаттары анықталған. Тұрғындарды несиелендірудің ұйымдастыру жүйесі мен банк қызметін ынталандырудың жетілдіру жолдары әзірленген. Тұрғындарды банктік несиелендірудің түрлері мен нысандарын жетілдірудің бағыттары көрсетілген.

*Кілт сөздер:* банк, несиелендіру, тұрғындар, несиелендіру қоржыны, несиелендіру.

Қазақстан Республикасының банк жүйесінің тұрақтылығы, көбінесе екінші деңгейлі банк жүйесінің тұрақтылығымен байланысты болуы керек. Төлемсіздік дағдарысы мен банктерге деген сенімсіздік көптеген банктердің қызметіне тосқауыл болды. Оған төтеп бере алмаған банктер банкроттыққа ұшырады. Ел экономикасында бірлескен және шетелдік банктердің, олардың бөлімдерінің пайда болуы бәсекелестікті одан әрі күшейтіп жіберді.

Қазақстан Республикасының банк секторы құрылымының өзгерісін 1-суреттен көруге болады.



1-сурет. Екінші деңгейлі банктер саны

Қазақстан Республикасында 2013 және 2014 жылдары 38 екінші деңгейлі банктер болса, ал қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының банк секторы 35 екінші деңгейдегі банкпен көрініс тапты, олардың ішіндегі 16 банк шетелдік қатысумен, оның ішінде 13 еншілес банк болып келеді.

Ұлттық банк мәліметтері бойынша, Қазақстан Республикасында екінші деңгейдегі банктерінің активтері 2016 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 23 780,3 млрд теңге (2015 жылдың басында — 18 239,0 млрд тг), 2015 жылдың ішінде өсу 30,4 % болды. Активтер құрылымындағы ең көп үлесті (жиынтық активтердің 60,6 %) 15 553,7 млрд теңге сомладағы несиелендіру қоржыны (негізгі борыш) алады (2015 жылдың басында — 14 184 млрд тг), 2015 жылдың ішінде өсу 9,7% тең болды [1].

**Екінші деңгейлі банктердің тұрғындарға арналған  
несие қоржыны құрылымы [1]**

млрд тг

№	Көрсеткіштер	2013 ж.		2014 ж.		2015 ж.	
		млрд тг	үлесі, %	млрд тг	үлесі, %	млрд тг	Үлесі, %
1	Тұрғын үй салуға және сатып алуға несиелер, оның ішінде	988,6	30,0	1004,3	27,1	1116,5	28,7
1.1	Ипотекалық несиелер	891,8	27,0	935,0	25,0	1047,2	26,9
2	Тұтынушылық несиелер	2241,1	68,0	2639,9	71,2	2643,8	67,9
3	Өзге де несиелер	67,4	2,0	63,7	1,7	132,5	3,4
<b>Барлық несиелер</b>		<b>3297,1</b>	<b>100</b>	<b>3707,9</b>	<b>100</b>	<b>3892,8</b>	<b>100</b>

Жоғарыдағы 1-кесте мәліметтері көрсетіп отырғандай, тұрғындарға арналған несиелер қоржыны құрылымында басты орынды тұтынушылық несиелер алады. Берілген несиелердің 70 % жуығы тұтынушылық несиелердің үлесінде, өйткені азаматтар қысқа мерзімді қаржы тапшылықтарын осы несиелерді алып жабады.

Тұрғындардың тұрғын үй салуға және сатып алуға несиелері, оның ішінде ипотекалық несиелердің үлесі 25 % шамасында. Ипотекалық несиелендіру қазіргі кезде үлкен қарқынмен дамуда, себебі Қазақстан азаматтарының бұл несиелерге деген қажеттіліктері артауда. Ипотекалық несиелер кәсіпорындардың, ұйымдардың және тұрғын үй құрылысы фирмаларының несиелерге қажеттіліктерін сенімді негізде қаржыландырудың мемлекеттік көздерінің міндетін атқаруда үлкен рөл атқарады. Ипотекалық несиелер әрқашанда қозғалмайтын мүлік кепілімен — ипотекамен байланыстырылады.

Несиелік қоржынның ұлғаюы Қазақстандағы экономикалық жағдайдың жақсаруынан болды, тұтынушылар тарапынан банктік қызметтерге деген сұраныс өсті. Несиелендірудің орташа өлшенген жылдық пайыздық ставкасы 2012 жылы 18,1% болып, 2013 жылы 16,3 %-ға төмендеді. Төмендеу негізінен неғұрлым төмен пайыздық мөлшерлемелер бойынша пайда әкелетін несиелердің неғұрлым жоғарғы орташа қалдықтарына қарай несиелік қоржын құрылымының өзгеруінен болды деуге болады.

Банктердің актив сапасына баға беру кезінде көрсеткіштерді бағалайды, олар арқылы банктің несиелік қоржынын анықтайды. Несие беру банктің табыс көзінің үштен екі бөлігін құрайды. Бұл дегеніміз несиелер беру банктің ең табысты бабы болып табылады.

Екінші деңгейлі банктердің несиелік тәуекелін басқару тиімділігі ең бастысы несиелік қоржынның сапасына тікелей байланысты болып келеді. Несиелік қоржын бұл несиелік тәуекелдің немесе одан қорғану тәсілдерінің әр түрлі факторларына байланысты жіктелген несиелерге қатысты банктің қоятын талаптарының жиынтығы. Несиелік қоржын банктің берген несиелерінің негізінде қалыптасады. Несие қоржынын жиі талдап отыру қажет, себебі талдау арқылы ғана несиелік жұмсалымдарды әртараптандыруға болады. Несие қоржынын талдау мына кезеңдерден тұрады [2]:

- қарыздар сапасын бағалау критерийлерін таңдау;
- бағалаудың әдістерін анықтау (нөмірлік немесе баллды жүйеде бағалау);
- тәуекел тобына қарай жіктеу;
- әрбір топ бойынша тәуекел пайызын анықтау;
- жалпы несиелер қоржынын бойынша әрбір топтың көлемінде тәуекелдің абсолюттік шамасын есептеу;
- қарыздар бойынша мүмкін болар зияндарды жабуға арналған резервтер көздерінің шамаларын анықтау;
- қаржы коэффициенттері жүйесінің, сондай-ақ оны құрылымдық талдау негізінде несиелер қоржынын сапасын бағалау.

Келесі кестеде 2013 және 2015 жылдар арасында несиелер қоржынының сапасын несиелік қарыздардың көлемдері бойынша көре аламыз.

## Тұрғындар қарыздарының сапасы [1]

Көрсеткіштер	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.
Барлық несиелер:			
– млрд тг	3297,1	3707,9	3892,8
– % (үлесі)	100	100	100
Стандартты несиелер:			
– млрд тг	2497,1	2949,1	3014,1
– % (үлесі)	75,7	79,5	77,4
1 күннен 30 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар:			
– млрд тг	123,1	144,3	180,9
– % (үлесі)	3,7	3,9	4,6
31 күннен 60 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар:			
– млрд тг	51,6	57,1	62,8
– % (үлесі)	1,6	1,5	1,6
61 күннен 90 күнге дейін мерзімі өткен берешегі бар қарыздар:			
– млрд тг	37,1	44,4	50,4
– % (үлесі)	1,1	1,2	1,3
90 күннен астам мерзімі өткен берешегі бар қарыздар:			
– млрд тг	588,3	513,0	584,5
– % (үлесі)	17,8	13,8	15,0
Құрылған провизиялар:			
– млрд тг	462,4	342,9	413,6
– % (үлесі)	14,0	9,2	10,6

Екінші деңгейлі банктер өздерінің стандартты несиелерінің үлес салмағын 2013 жылғы 75,7 % мөлшерінен 2015 жылы 77,4% мөлшеріне дейін жоғарылатқан.

Үмітсіз қарыздарды жабу үшін екінші деңгейлі банктер 2015 жылы 413,6 млрд теңге мөлшерінде провизия құрған. Құрылған провизиялар берілген несиелердің 10,6 % мөлшерін жаба алады. Алдағы келе жатқан жылда осындай шараларды болдырмау үшін, қарыз алушының төлемқабілеттілігін, қаржылық жағдайын, қарыз алушының несие тарихын, жылжитын және жылжымайтын мүлікпен камтамасыз етілуі мен тағы басқа мәселелерді мұқият тексеріп отыру қажет. Сапалы несие қазіргі жағдайда негізгі фактор болып, банк бизнесінің кірістеріне әсер етеді.


Несиелік қоржынды басқару бұл банк қабылдауға дайын болып отырған тәуекел түрлерінің барлығын айқындауды және олардың ең жоғарғы жететін деңгейін анықтауды талап ететін жоғары жетекшілер қызметі болып табылады. Несиелік қоржынды басқаруды іске асырудың ортақ алғышарттарына жататындар:

- нақты қарыз алушылар мен олардың топтары үшін несиелеудің ішкі банктік лимитін белгілеу;
- несиелік рейтингпен байланысты болатын, жекелеген қарыз алушылардың тәуекел деңгейін көрсететін несиелік тәуекелді талдау формасын жасау;
- әр түрлі салалар бойынша несиелеуді диверсификациялау;
- төменгі тәуекел деңгейі бар ең маңызды салаларды анықтау;
- жоғарғы тәуекел деңгейі бар салаларға қатысты несиелік саясатты қатаңдату;
- несиеге баға белгілеу саясатын дайындау [3].

Банктің несиелік қарыздары келесідей бөлінеді:

- 1) стандартты;
- 2) күмәнді;
- 3) үмітсіз [4].

Қарыздар қарыз алушының төлем жүргізуіне байланысты осылай жіктеледі. Бұл мәліметтер 2-суретте көрсетілген.



2-сурет. Тұрғындарға берілген несиелердің сапасы

Екінші деңгейлі банктер жеке тұлғаларға берілген стандартты несие үлесін жоғары деңгейде ұстап тұр. Бұл жоғары көрсеткіш олардың қолданып отырған тиімді менеджментін көрсетеді. Несие беру шартында субъектілерге, объектілерге және несиені қамтамасыз етуіне несие берудің негізгі элементтерінде көрініс табады.

Бұл банктің кез келген клиентке несиені бере алмайтындығын білдіреді. Әрқашан несие алушылар көп, бірақ олардың арасынан оны кімге пайдалануына беруге болады екені таңдалады. Сондықтан банк қарызалушымен төлеу қабілеттілігі, балансының өтімшілігі, тауар өндіруші өнімі нарығын зерттеуінің, менеджмент деңгейінің және шотпен басқаруын тексереді және оның теңдікті жұмыс бағалау базасы анықталады.

Несие беру шарттары қайтарымды несие беру қағидаларымен, мақсаттық мінез-құлықпен, қауырттықпен және несие қамтамасыздығымен байланысты. Бұл қағидалар орындалмағанда банк несие беру барысында өз тарапынан салымшылар назарларын басшылыққа ала отырып, несие байланыстарын үзіп тастайды, оның қайтарылуын талап етеді [5].

Кепіл құқық орындаулары несие беру жүйесі мүмкіншіліктерге кепілдіктердің әр түрлі үлгілерінің барысында және үшінші жақтардың жауапкершілігіне негізделеді. Бұлар және басқа түрлер несие келісімі сенімділік, несие беру қағидаларының бұзу оқиғасында несие қайтару мүмкіншілігін қамсыздандырады.

Банк қарызалушылары жеке немесе заңды тұлғалар бола алады, олардың азаматтығына немесе меншік түрлеріне тәуелді емес, бірақ шек қоюлардың сақтау шарты барысында ескеріледі. Банк ең жақсы клиенттерін келесілер арқылы анықтайды:

- жақсы қаражаттық көрсеткіштер;
- жоғары мамандандырылған менеджмент;
- абыройлы;
- жақсы тарихты, соның ішінде несиелік;
- бәсекеге қабілетті өнімді және қызметтің жобасы;
- өтетілетін кепілді қамтамасыз ету [6].

Қазіргі уақытта негізінен жеке тұлғалардың және шағын кәсіпкерлік субъектілерінің несиелік қабілетін бағалауда «скорингтік үлгілер» қолданылады, себебі ірі бизнес өкілдері болатын банк клиенттерін берілген үлгі бойынша «жаман» және «жақсы» деп жіктеу қиынға түседі, сондай-ақ тиімді болып табылмайды.

Скоринг үлгісі клиенттің сенімділігі немесе сенімсіздігімен тығыз байланысты сипаттамаларды анықтайды. Банктер осы қарыз алушының несиені қайтара ма әлде жоқ па білмеуі мүмкін, бірақ оларға белгілі болғаны дәл осы жастағы, сондай мамандықпен, тура сондай білім деңгейі бар, асырауында осынша адамы бар адамдар несиені қайтара алмаған. Сондықтан банк мұндай адамдарға несие бермейді.

Несиенің мәнін ашуда құнның қозғалысын көрсететін несиеберуші мен қарызалушы арасындағы қайтарымдылық үрдісті сипаттайтын экономикалық қатынастар талданады. Несиелік қатынастардың жалпылама босаңдауы осы аталған субъектілер мен объектілер арасындағы ерекшеліктерге байланысты жүргізіледі. Отандық ғылымда жеке тұлғаларды несиелендіру бір жақты анықтамаға толық ие болған жоқ. Экономист-ғалымдар аталған несиелендіру түрін қарастырған кезде әр түрлі субъективті және объективті параметрлерді қолданады. Сонымен, қорытынды жасайтын болсақ, жеке тұлғаларды несиелендіру бойынша жүргізілген талдау бойынша авторлар мынадай төмендегі анықтаманы ұсынады: жеке тұлғаларды несиелендіру — бұл несиеберуші мен қарызалушы арасында пайда болатын құнның қозғалысын несиелендірудің базалық қағидалары аясында (ақылы, қайтарымдылығы, төлемділігі, мақсатты жұмсалуды) тұтынушылық және инвестициялық қажеттіліктерді толық сипаттайтын экономикалық қатынастардың жиынтығы.

Жеке тұлғаларды несиелендіру жүйесі халықтың қаржысымен тығыз байланысқан. Халықтың қаржысы — бұл ақшалай табыстарды қалыптастыру және қолдану бойынша, сонымен қатар халықтың жинақ ақшасын шоғырландыруда қарастырылатын экономикалық қатынастардың жиынтығы. Сондықтан инвестициялық және тұтынушылық қажеттіліктерді қанағаттандыруда ақша қаражаттары жетіспеушілігінің нәтижесінде несиенің қажеттілігі пайда болады.

Несиенің жіктелу жүйесінің құрылуында жеке тұлғаларға берілетін несиенің түрлерін талдауда несиенің базалық қағидаларының нәтижесінде экономикалық, ұйымдастырушылық және технологиялық ерекшеліктер қолданылады.

Біздің ойымызша, жеке тұлғаларға берілетін несиенің түрлері бойынша біржақты жүйенің жетіспеушілігі, ең алдымен, экономикалық және ұйымдастырылған жағдайда несиелендіру қағидаларының түрлерін толық бағаламаумен байланысқан. Сәйкесінше, біржақты несиенің түрлері бойынша жіктеменің қалыптасуын несие қағидаларын талқылау барысында анықтауға болады. Мысалы, несиенің қайтарымдылық және уақыттылық қағидасы бойынша несиені төлеу, беру тәртібін және өтеу мерзімін жалпылама жіктеуге болады. Несиенің ақылы қағидасы бойынша пайыздық өтеу және пайыздық мөлшерлемесі әдістерін қарастыруға болады.

Аталған әдістемелік бағыт бойынша жеке тұлғаларды несиелендіру түрлері мынадай жіктемелердің белгілері бойынша сипатталады:

- несиенің қамтамасыз етілуі — несиенің қамтамасыз етілу типі;
- несиенің мерзімділігі — несие беру уақыты;
- несиенің қайтарымдылығы — несиені өтеу тәртібі; несиені беру тәртібі; несие беру технологиясы;
- несиенің ақылы қағидасы — несие бойынша пайыз төлеу тәртібі; несие бойынша пайыз мөлшерлемесі;
- несиенің мақсатты қолданылуы — несиелендіру объектісі;
- несиені дифференциациялау — қарызалушының типтері.

Жеке тұлғаларға берілетін несиенің көлемінің азаюының негізгі факторлары келесілер:

- несиелік тәуекел және қарызалушының сапалық ахуалының төмендеуі, яғни жұмыссыздық санының көбеюі, сондай-ақ халықтың табысының азаюына байланысты;
- ұзақ мерзімді жағдайда банктердегі қаржылық тапшылықтың құрылуы;
- несиелік өнімдерге халық тарапынан сұраныстың азаюы, яғни, тұрақты табыстың болмауына байланысты.

Қазақстандағы жеке тұлғаларды несиелендіру ерекшеліктерін талдай отырып, аталған нарықтың негізгі беталысына мынадай қорытынды жасай отырып тоқталуға болады:

- өнімнің түрлеріне қарай (жылжымайтын мүлікті несиелендіруге сұраныстың өсуі; көлік түрлерін сатып алуға несиенің көбеюі; кезек күттірмейтін мұқтаждықтарға жеке тұлғалар тарапынан несиенің мөлшерінің азаюы; қысқа мерзімге берілетін тұтыну несиелерінің несиелік карточкаларға алмасуы);

- құрылымдық түрлердің өсуі (ұзақ мерзімге берілетін несиенің көбеюі; ұлттық валюта бойынша берілетін несиенің үлесінің жоғарылауы; мақсатты несие түрлерінің көбеюі; несиелік ұйымдардың және мекемелердің санының өсуі);

- жалпы (теңге және шетел валютасы бойынша берілетін несиенің түрлер бойынша пайыз мөлшерлемесінің теңесуі; қарыз алушыға деген талаптың күшеюі; бәсекелестік талаптың қатаң

жүргізілуі; жеке тұлғалар бойынша несиелік қоржын сапасының әлсіреуі және қарызын өтей алмаған субъектілер санының көбеюі).

Банктің несиелік қоржын сапасының жағдайы тек қана ағымдағы төлемдер бойынша ғана анықталмайды. Негізінде қоржын сапасы несиені өтеу шарттарына және несиені өтей алмаған үрдістер бойынша жүзеге асырылады. Ол үшін, біздің пікіріміз бойынша, қарызалушыларды, яғни, жеке тұлғаларды несиені өтеу мерзімдері бойынша әр түрге бөлуіміз қажет. Жеке тұлғаларға берілген несиенің түрлері бойынша несиелік қоржынның талдауда несиелік мониторинг жүргізу қажет. Бұл әдіс бойынша берілген несиенің қайтарылу жоспары құрылып, несиелік қоржынның тұрақты болуы байқалады.

Біздің қорытындыларымыз бойынша, егер адал қарыз алушының қызметінде материалдық қиыншылықтар пайда болатын болса, онда банк өз тарапынан пайда мөлшерін төмендетпеу үшін қарызалушыға несиені өтеудегі әр түрлі кезеңдерді ұсынуы қажет. Жүргізілген талдаудың көмегімен қарызалушылардың қаржылық сипаттамасына арнайы бағыттар ұсынуға болады, яғни, несиені өтеу үшін ақша ағымдардың мөлшерін жобалау және қарызалушылардың несиені өтеудегі тиімді жолдарын талдау қажет. Қалыптасқан несиелік қоржынның тиімділігін анықтауды оның құрылымы бойынша анықтауға болады. Осылардың арқасында несиелік берудегі несиелік қоржынды басқару скорингтік үлгі бойынша және несиені берудегі несиелік тәртіптің құрылуы жүзеге асырылады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің ресми сайтының статистикалық мәліметтері. — [ЭР]. Қолжетімділік тәртiбi: <http://www.nationalbank.kz/?&switch=kazakh>
- 2 *Калкабаева Г.М.* Банковское кредитование предпринимательства и проблемы обеспечения возвратности ссуд. — Алматы: КИСИ при Президенте РК, 2013. — 456 с.
- 3 *Тұсаева А.* Қазақстан Республикасы бағалы қағаздар нарығы және оның үлгілері / Аль-Пари. — 2015. — № 1. — 109 б.
- 4 *Сенчагов В.К., Архипов А.И.* Финансы, денежное обращение, кредит: учебник. — М.: Проспект, 2000.
- 5 Национальный банк Казахстана. О ситуации на финансовом рынке в ноябре 2015 года / Банки Казахстана. — 2015. — № 12. — 2 с.
- 6 *Питер С.* Роуз. Банковский менеджмент / Пер. с англ. — М.: Дело, 1997. — 768 с.

Л.С. Көмекбаева, Е.Т. Ақбаев, А.Ж. Нұрмағанбетова

### Особенности кредитования населения банками второго уровня

В статье рассмотрены особенности кредитования населения банками второго уровня в рыночных условиях экономики. Авторами статьи проанализирована структура кредитного портфеля банков второго уровня. Большое внимание уделено понятию «система кредитования населения», выделены ее подсистемы и элементы, сформулированы принципы организации. Разработаны меры по совершенствованию организационной подсистемы кредитования населения и стимулированию деятельности банков. Выявлены направления совершенствования видов и объектов банковского кредитования населения.

L.S. Komekbayeva, E.T. Akbayev, A.Zh. Nurmaganbetova

### Features of lending to households by banks of the second level

The article describes the features of the population lending by banks of the second level in the market conditions of the economy. The authors analyzed the structure of the loan portfolio of banks. The article focuses on the concept of a large population of the credit system, highlighted its subsystems and elements, principles of organization formulated. Develop measures to improve the organizational subsystem of lending and stimulate the activities of banks. Identified ways of improving kinds of objects and bank loans.

---

References

- 1 *Official statistics of the National Bank of Kazakhstan*, [ER]. Access mode: <http://www.nationalbank.kz/?&switch=kazakh>
- 2 Kalkabaeva G.M. *Bank lending business and the problem of repayment of loans*, Almaty: KISR under the President, 2013, 456 p.
- 3 Tusaeva A. *Al-pari*, 2015, 1, 109 p.
- 4 Senchagov V.K., Arkhipov A.I. *Finance, Money, Credit: tutorial*, Moscow: Prospekt, 2000.
- 5 *Kazakh banks*, 2015, 12, p. 2.
- 6 Peter S. *Rouz Bank Management*, transl. from Engl., Moscow: Delo, 1997, 768 p.

Репозиторий Қарғу